

Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 17 қыркүйек 2026 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ Т.Қасымов атындағы МАС-тағы резервуарды қайта жаңғыртуды аяқтады

«ҚазТрансОйл» АҚ Т.Қасымов атындағы мұнай айдау станциясында көлемі 20 мың м³ №7 резервуарды қайта жаңғыртуды аяқтады. Резервуар мұнайды қабылдауға, сақтауға және мұнаймен технологиялық операциялар жүргізуге арналған.

Қайта жаңғырту аясында нысанның сенімділігін, өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздігін арттыруға бағытталған техникалық іс-шаралар кешені жүзеге асырылды. Атап айтқанда, резервуар атмосфераға бөлінетін ластаушы заттардың шығарындыларын едәуір азайтатын заманауи понтонмен жабдықталды.

Қайта жаңғырту барысында электрохимиялық қорғау жабдықтары, бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика жүйелері ауыстырылды. Сондай-ақ резервуардың ішкі және сыртқы беттеріне заманауи коррозияға қарсы жабындар жағылды. Олар металл конструкцияларды коррозиялық әсерден сенімді қорғап, олардың қызмет ету мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді.

Қайта жаңғыртылған резервуарды пайдалануға беру станцияның резервуарлық паркінің сенімділігін арттырып, қолданыстағы қуаттарды тиімді пайдалануға және мұнаймен технологиялық операцияларды қауіпсіз жүргізуге мүмкіндік береді.

№7 резервуарды қайта жаңғырту аяқталғаннан кейін Т.Қасымов атындағы МАС резервуарлық паркінің жалпы көлемі 230 мың м³ құрады.

«ҚазТрансОйл» АҚ Атырау мұнай құбыры басқармасының Т.Қасымов атындағы МАС «Өзен – Атырау – Самара» магистральдық мұнай құбырының 700,4-ші шақырымында орналасқан.

Резервуарлық паркті қайта жаңғырту «ҚазТрансОйл» АҚ-тың өндірістік инфрақұрылымды жаңғырту жөніндегі жүйелі жұмысының бір бөлігі. «ҚазТрансОйл» АҚ резервуарлар паркінің 2024–2028 жылдарға арналған жаңғырту жоспары аясында жалпы сыйымдылығы 500 мың м³ болатын 29 резервуар бойынша іс-шараларды іске асыру көзделген. Оның ішінде 140 мың м³ – резервуарларды қайта жаңғырту, 180 мың м³ – жаңа резервуарлар салу, 180 мың м³ – резервуарларды қалпына келтіру есебінен жүзеге асырылады.

Резервуарлық қуаттарды жаңғырту және ұлғайту «ҚазТрансОйл» АҚ-тың заманауи, сенімді әрі экологиялық жауапты мұнай тасымалдау инфрақұрылымын дамытуға бағытталған.

«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральдық мұнай құбырлары бойынша ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,2 мың км магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие, ұзындығы 5 мың км астам өзге ұйымдардың құбырларына қызмет көрсету бойынша операторлық қызметтер көрсетеді.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс
және ішкі коммуникациялар басқармасы**